

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ**







Университет ректоры,
доктор, профессор
М.Ш.Өл-Жинди

**2022-2023 оқу жылына арналған
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
Мамандық: «7М02201- ИСЛАМТАНУ»**






АЛМАТЫ 2022

Электив пәндер каталогын әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы

Әзірлеушілер:


Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Анарбаев Н.	PhD доктор, кафедра меңгерушісі	
Шайзан Б.	Магистр, аға оқытушы	
Сейтбеков С.	ҚМДБ Діни білім және кадр даярлау бөлімі (Жұмыс беруші өкілі)	
Купешова Г.	Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Махмет.М.	Магистр, академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Мансұров Б.	PhD доктор, ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі	
Қиқымов Н.	Алматы қаласы дін істері жөніндегі басқармасының басшысы	
Әділбаева Ш.	PhD доктор, қауым. профессор, сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Акимханов А.	PhD доктор, доцент, аға оқытушы	


Білім беру бағдарламасы исламтану кафедрасында әзірленіп, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 4 « 17 » 11 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі Н.С.Анарбаев 

Ислам ілімдері факультет кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 4 « 18 » 11 2022 ж.

Факультет деканы Мамун Али Жабр Абдумуталиб 

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.

Хаттама № 4 « 25 » 11 2022 ж.

ОӘК төрайымы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 4 « 28 » 11 2022 ж.

Міндетті пәндер:

GTF 5203 - Ғылым тарихы және философиясы (5 кредит)

ShT (K) 5202 - Шетел тілі (кәсіби) (5 кредит)

BP 5203 - Басқару психологиясы (5 кредит)

GZM 5303 - Ғылыми зерттеу мәселелері (5 кредит)

Элективті пәндер:

1-семестр

1. ASBTZ 5302 - Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу (5 кредит)

Мақсаты: Магистрантқа ақида (сенім саласын зерттейтін ғылым бағыты) саласындағы кілттік бағыттар бойынша қажетті білім беру.

Мазмұны: Пән барысында әһлус-сунна уәл-жамағат сенім мектебінің көрнекті өкілі, Әбу Ханифаның ақидаға қатысты мәтіндерін жүйелеп, сенім мектебінің негізін салған имам Мәтрүдидің көзқарастары негізінде сенім мәселелеріне тақырыптық талдау жүргізіледі.

Нәтиже:

Білімі: имам Мәтрүдидің көзқарастары негізінде сенім мәселелері бойынша түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру.

Құзыреттері: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді талдай алу, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алуы.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: ID 5204 - Иләһи діндер

2. SFQ5303 - Салыстырмалы фикһ (5 кредит)

Мақсаты: Пәнді оқу барысында ислам құқығы мен құқық негіздерінде қалыптасқан Әбу Ханифа мектебі мен имам әш-Шафиғи бастаған мутакаллимдер мектебінің тарихи қалыптасуы, екі мектептің белді өкілдері мен олардың құқықтық көзқарастары, негізгі және

қосымша фикһи дәлелдері мен олардан шариғи үкімдерді шығару әдіс тәсілдері салыстырмалы түрде қарастырылады.

Мазмұны: Пәннің мақсаты мен міндеті: Исламтанудағы маңызды ғылым саласы фикһ ілімінің тарихи қалыптасу кезеңдерін, алғашқы кезеңдегі жағдайы, құқықтық мектептер шыққаннан кейінгі тарихи даму кезеңдерін, кейінгі ғасырлардағы жағдайына тарихи шолу.

Нәтиже:

Білімі: Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

Құзыреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптамалар жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу, белгілілігі ғылыми қорытынды шығара білу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: FUQ 5207 - Фикһ және усул фикһ қағидалары

1.Or 5304 - Ориентализм (5 кредит)

Мақсаты: Пәннің мақсаты мен міндеті – магистранттарға ориенталистердің исламның Құран, сүннет, тәпсір, фикһ және басқа да салалары төңірегінде жасаған зерттеулері мен тұжырымдарын толыққанды оқыту. Яғни, батыс ориенталистері ислам құндылықтары төңірегінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген. Олардың кейбірі ислам әлемін зерттеуде объективтілікті ұстанса, кейбірі өзінің субъективті мүдделеріне қарай зерттеу барысында қателікке ұрынып жатты. Сондықтан студенттің жан-жақтылығы мен ғылыми ортадағы әлеуетін көтеру үшін аталған пәнді оқыту үлкен маңызға ие болып отыр.

Мазмұны: Ориентализм исламды зерттейтін сала ретінде, Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы ориенталистік мектептер мен Ресейдегі ориенталистік мектептердің исламға қатысты жасаған зерттеулері мен Құран аудармалары.

Нәтиже

Білімі: Магистранттың алған теориялық білімін іс-тәжірибемен ұштастыра отырып, оны уағыз саласында сәтті қолдана білуі.

Құзіреттілігі: Аталған пән бойынша алған мәліметтерін қорытып, салыстырмалы түрде анализ жасай білу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: QIM 6305 - Қазіргі идеологиялық мазнабтар

2. IZHP 5305 - Ижтиһад және пәтуә шығару (5 кредит)

Мақсаты: Пәннің мақсаты магистранттарға ислам шариғатындағы діни мәтіндерде нақты келмеген мәселелерге үкім шығарудың теория методологиясымен қатар, пәтуә әдептерін, пәтуә шығаруға құқылы тұлғадан талап етілетін шарттар мен талаптарды үйрету.

Мазмұны: Пәннің мақсаты студенттерге ислам шариғатындағы діни мәтіндерде нақты келмеген мәселелерге үкім шығарудың теория методологиясымен қатар, үкім шығаруға құқылы тұлғадан талап етілетін шарттар мен талаптарды үйрету.

Нәтиже

Білімі: Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

Құзіреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптамалар жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу, белгілігі ғылыми қорытынды шығара білу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: QIM 6305 - Қазіргі идеологиялық мазнабтар

2-семестр

Ғылыми тағлымдама

Элективті пәндер:

1. ID 5204 - Иләһи діндер (5 кредит)

Мақсаты: Ислам дініндегі қасиетті мәтіндерде құдай тарапынан келген діндер «иләһи діндер» атты бөлек категорияға жатқызылады; олардың тарихы аталып, ислам дінін ұстанушылардың оларға

қатысты қарым-қатынас нормалары бекітілген. Курс магистрантты ислам дінінің өзге діндерді танудағы позициясымен таныстыруды көздейді.

Мазмұны: Курс барысында магистранттар аталған категорияға жататын діндермен теологиялық тұрғыда танысып, жалпы мәлімет алады.

Нәтиже

Білімі: иләһи діндердің қасиетті мәтіндерде аталатын қысқаша тарихы мен оларға қатысты жалпы мәліметтерін игеру;

Құзыреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерген мәліметтерді педагогикалық, консультациялық тәжірибесінде қолдана алуы, оларға негізделе отырып ғылыми сараптама жасап, нақты тұжырым шығара алу.

Пререквизиттер: ASBTZ 5302 - Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу

Постреквизиттер: AIMZ 6303 - Ақида ілімінде мәтіндік зерттеу

2. QM5205 - Қазіргі мәселелер (5 кредит)

Мақсаты: Қазіргі замандағы туындап жатқан фикһи мәселелерге жауап таба білу. Магистранттарды Ханафи фикһының үкімдерімен таныстыра отыра, жағдайға қарай үкім беру қабілетіне ие болдыру.

Мазмұны: Пәннің мақсаты: Магистранттарға танымал фикһ ғалымдарының көлемді әрі ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, шариғи үкімдермен танысу.

Нәтиже

Білімі: Фикһ ғалымдарының көзқарастары мен талдауларына, мәзһаб имамдарының үкімдерге қатысты көзқарастары мен алға тартқан дәлелдеріне кеңірек тоқталу. Заманауи фикһ ережелерін меңгеру. Негізгі фикһ ережелерін түсініп, қолдана білу.

Білігі: Шариғат үкімдерінің Құран аяттарына қалай шығатындығын, көзқарастар мен дәлелдер туралы нақты мәліметтер бере білу.

Құзіреттілігі: Қазіргі замандағы фикһ мәселелерін талдап, дұрыс үкім шығару

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: FUQ 5207 - Фикһ және усул фикһ қағидалары

1. QJMT 5205 - Құранның жалпы мақсатын түсіну (5 кредит)

Мақсаты: Құранның қандай мақсатта түскенін толық түсіндіре отыра, ол жайлы жазылған еңбектердегі талдау жасап, ғылыми дәлелдермен айқындап беру.

Мазмұны: Құранның маңыздылығын, оның қандай мақсатта түскенін баяндау

Нәтиже:

Білімі: Ғалымдардың еңбектерін пайдалана отырып, негізгі мақсаттарын айқындау

Құран жайлы түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру.

Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіре отыра өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

Құзыреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптама жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу, белгілі ғылыми қорытынды шығара білу

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: PSJMT 5303 - Пайғамбар сүннетін жалпы мақсатын түсіну

2. DP 5206 - Диалог және пікірталас негіздері (5 кредит)

Мақсаты: Диалог және айтысу әдеби жөнінде толық мәлімет беріп, аталған пән бойынша жазылған еңбектер мен зерттеулерді сараптап, талдауға үйрету

Мазмұны: Диалог және айтысу әдеби туралы егжей-тегжейлі мәлімет беріп, осы сала бойынша жазылған еңбектерді зерттеу әрі талдау қамтылады.

Нәтиже

Білімі: Диалог және айтысу әдеби пәні бойынша түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру.

Құзыреттілігі: Қазіргі таңда орын алған проблемалардың шешімін тауып, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алу.

Пререквизиттер: IZHP 5305 - Ижтиһад және пәтуә шығару

Постреквизиттер: жоқ

1. QL 5206 - Қазіргі логика (5 кредит)

Мақсаты: Логика мәселелерін жан-жақты талдап теориясын методологиясын меңгеру. Сондай-ақ кейінгі кезеңдегі исламға сай жақтары мен теріс тұстарын анықтап, зерделеу. Осы арқылы магистранттың ойлау қабілетін арттыру көзделуде.

Мазмұны: Логика мәселелері қарастыратын тақырыптарды зерттеп, талдау. Сонымен қатар осы сала бойынша жазылған еңбектер жөнінде толық мәлімет беру қамтылады.

Нәтиже

Білімі: Логика мәселелері пәні бойынша түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру.

Құзыреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтері іс жүзінде асыра білу, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: QJUSH 5306 - Қазылық және үкім шығару

2. FUQ 5207 - Фикһ және усул фикһ қағидалары (5 кредит)

Мақсаты: Білім жүйесін жалпылаған түрде беру. Магистранттарды Ханафи фикһының ішіндегі айырмашылықтарды ажырата білу. Жағдайға қарай оңтайлысын шығара білу қабілетіне ие болу. Фикһ негіздері ілімі, Құран ілімі, хадис ілімі пәндерін білу.

Мазмұны: Пәннің мақсаты: магистранттарға танымал фикһ ғалымдарының көлемді әрі ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, Құран аяттарының ішіндегі шарифат үкіміне тоқталу.

Нәтиже: Фикһ және фикһ негіздері ғалымдарының көзқарастары мен талдауларына, мазхаб имамдарының үкімдерге қатысты көзқарастары мен алға тартқан дәлелдеріне кеңірек тоқталу.

Білімі: Фикһ ережелері мен негіздерінің арасындағы айырмашылықтарды түсіну. Негізгі фикһ ережелері мен фикһ негіздері ережелерін түсініп, қолдана білу.

Білігі: Шарифат үкімдерінің Құран аяттарына қалай шығатындығын, көзқарастар мен дәлелдер туралы нақты мәліметтер бере білу.

Құзыреттілігі: Фикһ мәселелерін талдау барысында мәселенің фикһ ережесіне және

фиқһ негіздері ережесіне қатыстылығын білу.

Пререквизиттер: IZHP 5305 - Ижтиһад және пәтуә шығару

Постреквизиттер: IShMM 5305 - Ислам шарифатындағы медициналық мәселелер

1.PSJMT 5303 - Пайғамбар сүннетін жалпы мақсатын түсіну (5 кредит)

Мақсаты: Пайғамбар сүннетін қандай мақсаттары болғанын ашықтап,баяндау.

Хадистердің исламдағы орнын көрсете білу.

Мазмұны: *Пайғамбар сүннеті туралы егжей-тегжейлің мәлімет беріп,хадис жинақтарын талдап көрсету.*

Нәтиже

Білімі: Магистранттарға пайғамбар хадистерін Құранға түсініктеме екенін көрсету. Және басқа да мақсаттарын анықтау.

Құзыреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерген мәліметтерді іс жүзінде жүзеге асыра білу, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: ISLQ 6306 - Исламда азаматтық құқық

2. QMSF 5304 - Құран мен сүннет фиқһы (5 кредит)

Мақсаты: Құран мен сүннеттен алынатын фиқһ мәселерін айқындап беру. Магистранттарды Ханафи фиқһында Құран мен сүннетің орнын таныстыру.

Мазмұны:

Нәтиже: Фиқһтағы үкімдердің қайнар көздері қайдан алынады екенін туралы толық мәлімет беріп, осы сала бойынша жазылған еңбектерді зерттеу әрі талдау қамтылады.

Білімі: Негізгі фиқһ ережелерін түсініп, қолдана білу.

Білігі: Шарифат үкімдерінің Құран аяттарына мен сүннеттен қалай шығатындығын, көзқарастар мен дәлелдер туралы нақты мәліметтер бере білу.

Құзіреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптамалар жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу,

белгілігі ғылыми қорытынды шығара білу
Пререквизиттер: IZHP 5305 - Ижтиһад және пәтуә шығару

Постреквизиттер: ISLQ 6306 - Исламда азаматтық құқық

1. IShMM 5305 - Ислам шарифатындағы медициналық мәселелер (5 кредит)

Мақсаты: Ислам шарифатындағы медициналық мәселелерді қарастырып олардың шарифи үкімдерін анықтау

Мазмұны: Ислам діні дүниенің түрлі саласын қамтитын дін болғандықтан медициналық мәселелердің шарифи үкімдері терең зерттелген. Пәнді оқыту барысында ғылым мен технологияның дамуы салдарынан туындаған медициналық заманауи медициналық мәселелердің үкімдері қарастырылады.

Нәтиже:

Білімі: Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

Құзіреттілігі: Заманның дамуымен қатар жаңадан туындаған медициналық мәселелерді зерделеп, оларға тиісті шарифи үкімдерді беру

Пререквизиттер: SFQ5303 - Салыстырмалы фиқһ

Постреквизиттер: SSFQ 6505 - Саудасаттық фиқһы

2. QJUSH 5306 - Қазылық және үкім шығару (5 кредит)

Мақсаты: Пән барысында магистранттарға әлус-сунна уәл-жамағат сенім жүйесін реттеп, қалыптастырған имам әл-Матуридидің өмірі мен шығармашылығын, оның теологиялық ұстанымын таныстыру. Матуридидің сенім жүйесін Ашғарилік мектеп ұстанымымен салыстыру. Матуриди теологиясының ерекшеліктерін баяндау.

Мазмұны: Пәнді оқу барысында жалпы діндер мен ислам дініндегі балалардың құқықтары, ислам дініндегі баланың дүниеге келгенге және келгеннен кейінгі құқықтары, исламдағы бала құқықтарын қорғау ісі өзге діндер мен мәдениеттердегі

бала құқықтыранан артықшылықтары мен ерекшеліктері қарастырылады.

Нәтиже

Білімі: Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

Құзіреттілігі: Қоғамда болып жатқан кез-келген модернизациялық үдерістердің қоғам болашағына ықпалы қаншалықты болатынына талдау жасай алу құзіретіне ие болады.

Пререквизиттер: SFQ5303 - Салыстырмалы фиқһ

Постреквизиттер: ShM 6302 - Шариғат мақсаттары

3-семестр

Міндетті пәндер:

1. **JMP 6201 - Жоғары мектептің педагогикасы** (4 кредит)
2. **PP 6202 - Педагогикалық практика** (1 кредит)
3. **ShM 6302 - Шариғат мақсаттары** (5 кредит)

Элективті пәндер:

1.AIMZ 6303 - Ақида ілімінде мәтіндік зерттеу (5 кредит)

Мақсаты: Классикалық ақида мәтіндерімен танысу.

Мазмұны: Классикалық мәтіндердегі кәләмдық мәселелерді талқылау, Матуриди және Ашғари сенім мектептерінің ерекшеліктерін тұжырымдау.

Нәтиже: Ақида мәтіндерді оқуға дағдылану, терминдердің мағыналарын ашықтау.

Білімі: Классикалық мәтіндердегі ақида мәселелерін оқып түсінуге білікті болу.

Құзіреттілігі: ақида мәтіндерін талдап салыстырмалы және салғастырмалы анализ жасауға құзыретті болу.

Пререквизиттер: ASBTZ 5302 - Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу

Постреквизиттер: жоқ

2. HaQ 6304 - Халықаралық қатынастар – (5 кредит)

Мақсаты: Қазіргі таңдағы әлемдегі туындап отырған өзекті мәселелердің себептерін түсіну, олардың құрылымын қарастыру. Әсіресе, халықаралық қатынастардың дамуының заңдылықтарын, белгілі бір мемлекеттердің сыртқы және ішкі сыртқы саясатын тану.

Мазмұны: Халықаралық қатынастар теориясы пәнін, зерттеу объектілерін, зерттеу тәсілдері мен саяси ғылымдар жүйесіндегі орнын пайымдау

Нәтиже: халықаралық қатынастарды зерттеуде қолданылатын негізгі түсініктер мен категорияларды тану; халықаралық қатынастар жүйесін, оның басты құрылымдық сипаттары мен қалыптасуының заңдылықтарын білу;

Білімі: Бүгінгі халықаралық қатынастар экономикалық негіздерді, әлемнің материалдық базасындағы елеулі өзгерістерді сараптап үйрену.

Құзіреттілігі: Мемлекеттердің халықаралық қатынастар сахнасындағы әрекеттері мен саяси шешімдерін сараптай білу, саяси реализмнің халықаралық қатынастардың табиғаты, мәні, сипаты, қатысушылары туралы ең негізгі постулаттарды меңгеру.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

1.DMJTMZ 6304 - Діни мәтіндерде және тізбектегі мәтіндік зерттеу (5 кредит)

Мақсаты: Діни хабарлардың мәтіндеріне анализ жасаудың маңыздылығы мен ерекшеліктерін қарастыру, бір-біріне қарама-қайшы келетін діни мәтіндерден шариғи үкім алу әдістемелерін зерделеу.

Мазмұны: Әр түрлі тізбектермен жеткен діни мәтіндер арасында өзгешеліктер болу заңды құбылыс, фиқһ ғалымдары мәтіндердің мазмұны бір-біріне қарама-қайшы келген жағдайларға арнайы қағидалар бекіткен.

Нәтиже: Магистранттар діни мәтіндерге анализ жүргізіп, аят-хадистердің мағыналарын дұрыс түсіну

Білімі: Өзара мағына тұрғысынан қайшы келетін діни мәтіндердің ұғымдарын сәйкестендіру әдістерін меңгеру

Құзіреттілігі: Аят-хадистердің мәтіндеріне діни талдауға құзыретті болу

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

2. SSFQ 6505 - Сауда-саттық фикһы (5 кредит)

Мақсаты: Оқу барысында исламдағы муамалат түрлерін егжей-тегжейлі ашықтайтын және соларға қатысты осы заман пәтуаларымен таныстыру.

Мазмұны: Пәннің мазмұны магистранттарға ислам шариғатындағы сауда саттық, неке, отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық негіздері мен аспектілерін баяндап, оның замануи фикһи мәселелерін талқылау

Нәтиже: Магистрант Ислам шариғатының негізгі әрі маңызды бір бөлігін меңгеріп шығады. Қоғамда орын алып жатқан адал және арам сауда түрлерін ажыратып біле алады.

Білімі: Иляһи (Құдай тарапынан келген) заңмен Уадғи (адам шығарған) заңның айырмашылығы мен сайкес келетін жерін білу.

Білігі: Исламның қоғамға, оның қарымқатынасқа арнаған заңдарын, негізгі ережелерін білу. Исламдағы экономика түрлерін білу.

Құзіреттілігі: Кез келген исламдағы және ортадағы экономикалық құбылыстарды түсіндіре білу.

Пререквизиттер: КМ 5204 Қазіргі мәселелер

Постреквизиттер: жоқ

1. QIM 6305 - Қазіргі идеологиялық мазһабтар (5 кредит)

Мақсаты: Идеологиялық мазһабтар жөнінде толық мәлімет беріп, аталған пән бойынша жазылған еңбектер мен зерттеулерді сараптап, талдауға үйрету.

Мазмұны: Идеологиялық мазһабтар қалыптасу кезеңдері мен тарихын оқытып,

осы сала бойынша жазылған еңбектерді зерттеу қамтылады.

Нәтиже

Білімі: Идеологиялық мазһабтар пәні бойынша түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру;

Құзіреттілігі: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алу

Пререквизиттер: ID 5204 - Иләһи діндер

Постреквизиттер: жоқ

2. ISLQ 6306 - Исламда азаматтық құқық (5 кредит)

Мақсаты: Исламдағы азаматтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдері бойынша магистранттарға курстың маңызды сұрақтарын меңгеруге көмектесу.

Мазмұны: Исламдағы азаматтық құқық объектілері, мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға қатысты шариғи үкімдерді қарастыру.

Нәтиже: Исламдағы азаматтық құқыққа қатысты шариғи нормалардың ерекшелігін танып білу.

Білімі: Исламдағы азаматтық құқыққа қатысты шариғи үкімдерге анализ жасап қазіргі замандағы құқық жүйелерімен салыстыра білу.

Құзіреттілігі: Исламдағы азаматтық құқық мәселелеріне талдау жасауға құзыретті болу.

Пререквизиттер: QJUSH 5306 - Қазылық және үкім шығару

Постреквизиттер: жоқ

4-семестр

Міндетті пәндер:

ZP 5302 - Зерттеу практикасы (4 кредит)